



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ – ТҰЛҒАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТІН БЕЛСЕНДІРУДІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ

Адиятова Ализа Тулепбергеновна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог-зерттеуші
«Тобыл қаласының мектеп-гимназиясы» КММ
Ниязбекова Гульшат Батырхановна,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі
педагог-зерттеуші
«Тобыл қаласының мектеп-гимназиясы» КММ

Аннотация

Өзектілігі. Тұлғаның проблеманы шешу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тәсілдерді қолдану жолдары баяндалады. Оқыту әрбір оқушы үшін мәнді жеке шығармашылық үрдіс бола алатынын тілге тиек етеді. Мақсаты. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдарын көрсету, сабақта проблемалық жағдай тудыру тәжірибесімен бөлісу.

Түйінді сөздер: тұлға, дағды, тәсіл, мәнді.

Аннотация

Актуальность. Излагаются пути применения подходов, направленных на формирование у личности навыков решения проблемы. Следует отметить, что обучение может стать значимым индивидуальным творческим процессом для каждого ученика. Цель. Показать способы повышения познавательной активности учащихся, поделиться опытом создания проблемной ситуации на уроке.

Ключевые слова: личность, навык, прием, значимый.

Abstract

Relevance. The ways of applying approaches aimed at the formation of personal problem-solving skills are outlined. It should be noted that learning can become a significant individual creative process for each student. Goal. To show ways to increase the cognitive activity of students, to share the experience of creating a problem situation in the classroom.

Keywords: personality, skill, technique, meaningful.

Ерекше қарқынмен дамыған заман білім саласына өзгерістер әкелді. Уақыттың өзі ұстаздар қауымына түрлі жаңа талап қояды. Ел болашағы жас ұрпақтың мектепте сапалы білім алуымен тікелей байланысты екені баршаға мәлім. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр» деген сөздер оқытушының басты міндеті- адамгершілік құндылықтарды бала бойына дарыта отырып, рухани қазынасын жарыққа шығару, бәсекеге лайық ұрпақ тәрбиелеу екенін меңзейді. Сол мәртебелі парызын атқарушы мұғалімдер әлемдегі озық әрі оңтайлы тәжірибені зерделеп, ең лайық технологияны іздеуге құштар.

Проблемалық оқыту – ізденіс-танымдық іс-әрекеттің маңызды құралы. Проблемалық оқытудың негізгі көзін Сократтың эвристикалық әңгімелерінен көруге болады, ол әңгіменің қисынды құрылуы және сұрақтардың көмегі арқылы шәкірттерін қарама - қайшылыққа, біртіндеп қажетті қорытындыға алып келген. Ойлаудың эвристикалық тәсілі бойынша оқыту мен ойлауда проблемалық жағдай туғызу, проблемалап оқыту И.Я.Лернер, М.И.Махмутов, В.Н.Максимова, В.Оконь ізденіс - зерттеушілік міндеттерді, стандарттық міндеттерді шешудегі оқушылардың танымдық әрекеті бұрынғы жүріп өткен жолдардан, үлгіден басқаша екендігін педагогтер мен психологтардың қазіргі заманғы зерттеулері нақты дәлелдеп отыр. Ізденістік іс-әрекет бірқатар жағдайда қарқынды, қызу жүреді, онда эмоционалдық процестер бірқатар айқын көрінеді, шарықтау шегі кейде шешімді, таңдауды іздеуге және шамалауға әкеліп соғады. [1, 16]

Проблемалап оқытудың негізгі мәні оқыту процесінде ерекше жағдаят туғызу, яғни оқушы қатынаспай қалмайды, мұғалімнің көрсеткен бағытына сүйеніп қана қалмайды. Проблемалық жағдаятта оқушының меңгерген білімі мен алдыңғы шешілетін міндетінің оның білетін шешімдері мен оны шешу міндеттері арасында қарама-қайшылық айқындалады. Проблемалап оқытудың алгоритмі мәселені қоядан және саналы түсінуден, болжам тудырудан, оларды тексеруден, сонымен қатар мәселенің шешілуінің дұрыстығын тексеруден тұрады. Бұған пікірталастар, эвристикалық әңгімелер, проблемалық баяндау жатады.

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» басты мақсаты - Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу

және оқыту. Жастардың оқу дағдысының қалыптаспауы, түрлі ақпараттармен өздігінен жұмыс істей алмауы байқалады. Сондықтан оқыту мен тәрбиелеуді заман талабына сай жаңашылдықпен ұйымдастыру арқылы оқушылардың көркем шығармаларды, мәтіндерді саналы түрде оқып меңгеруін, оқырман сауаттылығын дамыту бүгінгі жаһандану заманында өзекті мәселе екеніне күмән жоқ. Білім алушылардың дербес шешім қабылдауы үшін ақпарат іздеп, өзін-өзі оқытуын дамыту, ақпаратпен жұмыс істеудің шығармашылық-ізденушілік дағдыларын қалыптастыру ұстаздардың өз тәжірибесіне инновациялық технологияларды енгізіп, үздіксіз ізденістің арқасында білімін жетілдіруімен тығыз байланысты. Сондықтан да мұғалімдер алдында білім алушыны қажетті білім құралдарымен қалай қаруландыру керек деген сұрақ тұруы тиіс. Проблемалық оқыту проблемалық жағдайлар жасау арқылы білім алушылардың ойлау және мінез-құлық механизмдерін қосуды ұйымдастыру бойынша педагогтың мақсатты іс-әрекетін қамтамасыз ететін тәсілдер жүйесі болып табылады.

Проблемалық оқыту - білімді даяр күйінде ұсынбай, оқушылардың алдына белгілі проблемалық міндет қоя отырып, сол мәселенің шешімін табуға итермелейтін технология. М.Н.Скаткин проблемалық оқыту деп білім алушылардың мұғалім көмегімен жаңа мәселелердің дәлелді шешімін табу үрдісіне енуін, соның нәтижесінде өз бетінше жаңа білім алу, алдындағы білімдерін қолдану, шығармашылық әрекет негізінде тәжірибені меңгеруін меңзейді. Проблемалық оқыту әдісін жүргізу дидактиканың заңдылықтарына байланысты мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- Проблемалық ахуал туғызу жолын алдын ала дайындау.
- Проблемалық сұрақтарды дұрыс құрастыру.
- Проблемалық мәселелерді шешу жолдарын алдын ала нақты қарастыру.
- Проблемалық сұрақтардың теориялық анықтамасын заңды түрде дәлелдеу.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданылатын проблемалық тапсырмалар мен проблемалық жағдаяттар сан алуан. Өлең үзіндісі бойынша тақырып пен көтерілетін мәселені болжау оқушылардың сабаққа назарын шоғырландырып, оқу үрдісіне белсенді түрде «енуіне» мүмкіндік туғызады.

«Дубай. Бес жұлдызды қонақ үй. Қазақстаннан келген екі жолдас кездесіп қалады. Бір- бірін жарылқаған кейіпте хал сұрасқан екеудің пысықтау келгені: «Бурабайда демалатын ақшаң болмады ма?..» - дейді. Осы әзіл мен Жетісу, Көкшетау жерінің сұлулығы суреттелген үзінді қатар алынса, қатысушылар пікірмен келісу, не келіспеу себебін түсіндіріп, дискуссияға тиімді жағдай туындайды. Мұндай тапсырмаларды орындау барысында бала ойды жалғастыра білу немесе қарсы пікірін дәлелдей алу, өзін-өзі бақылауды үйренеді. Мұғалім білім алушының танымдық қызығушылықтарын, талдау қабілетін, өз көзқарасын дәлелдей білу, яғни пікірталас жүргізу қабілетін дамытады.

Суреттер мен иллюстрацияларды сабақтың қызығушылық ояту кезеңінде қолданып, «Кроссенс» пен «Жұмбақ сурет» әдісі арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын, ортақ қасиеттерін бағалау, оқиғаның орнын, мезгілін болжату - сабаққа назарларын шоғырландырудың ұтымды жолы. Бұндай кескіндер мен суреттердің өзара байланысы арқылы білім алушы ассоциациялық тізбек, біртұтас әңгіме құрастырады. Бұл тәсіл жаңа материалды оқып үйренуде, сабақ тақырыбын анықтауда, оқу материалын қорытындылау мен шығармашылық қабілеттерін ұштауда қолайлы.

«Триггерлік сурет» әдісі арқылы сұрақтарға жауап бере отырып, ойын еркін жеткізеді. Шығарма сюжетіне байланысты сурет бойынша қойылған ойлы сұрақтар оқушылардың алдыңғы білімдерін пысықтауға, идеяларын тексеруге жетелейді, сол идеялардың негізділігін анықтайды. Халқымыздың біртуар перзенті Рақымжан Қошқарбаев туралы мәтінді меңгерткенде, сабақ басында қазақ жауынгері мен әскери адамның суреттерін пайдаланып, «Не көріп тұрсындар?», «Капитан қандай тапсырма берді?», «Не себепті қиын тапсырма Рақымжанға берілді?», «Олар не туралы сөйлесіп тұр деп ойлайсындар?» деген сұрақтар тақырыпқа қызығушылығын оятып, Абайдың сөзімен айтатын болсақ, білім алушылар материалды «ынтамен ұғады».

«Сократтық сауал» қою - ойды көптеген бағыттарда түрлі мақсаттар бойынша өрістетуге болатын жүйелі сұрақ қою әдісі, мәселелер мен проблемаларды тануға, болжамдарды түсінуге, ұғымдарды талдауға, білгендері бен білмейтіндерін ажыратуға, ойдың логикалық салдарын қадағалауға және пікірталасты меңгеруге мүмкіндік беретін әдіс. «Қай аймақты «жер жаннаты» деп атауға болады?», «Еліміздегі Жетісу аймағын және Көкшетау өңірін «Жер жаннаты» деп атайды. Қайсысына қосыласындар? Не себепті?» Осы сұрақтардың жауабын туған жер сұлулығын жырына арқау еткен ақындардың туындыларынан іздеп, көркем шығармаларды оқуға баули отырып, мұғалім оқушыларды қарама-қайшылыққа итермелейді және оларға оны шешу жолын табуды ұсынып, бір сұраққа түрлі көзқарас туындатады. Проблемалық сұрақ күрделі болуымен қатар, оқушылардың жас ерекшелігіне лайық болуы тиіс. Осындай заман талабына сай жаңашылдықпен ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеу оқушылардың белсенділігін арттырады сөзсіз.

Оқушының зейінін сабаққа тарта білудің маңызды шарты - сабақты жақсы ұйымдастыру. Мұғалім барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын ескеру керек. Көркем мәтінді талдау шығармашылықты талап етеді. Әдеби шығармамен танысқанда, баланың өзіндік пікірі туындайды. Бала мәтіндегі оқиғаға зер салып, бар ынтасымен қабылдаса, соғұрлым кейіпкердің мінез-құлқы, жағымды қасиеттері жадында берік сақталып, шығармада көтерілген мәселені терең ұғынады, жаманнан жиреніп, жақсының сөзі мен іс-әрекетін көкейіне түйеді.

«Үзілген әңгіме» - мәтінді меңгертудің ұтымды тәсілі. Аталмыш әдіс әдебиет сабағында көркем шығарма мазмұнын жан-жақты талдауда кең қолданылады. Туындының кіріспе бөлімін оқыған соң, тыңдаушыларға ой тудырушы, жетелеуші сұрақтар қойылып, мәтінді жалғастыру ұсынылады. Білім алушылар өз ойын жеткізіп, өзгелердің пікірлерін тыңдауды үйренеді. Қарама-қайшы пікір туындауы мүмкін, бұндай жағдаят пікірталасқа ұласып, оқушының зейіні, қабылдау, есте сақтау қабілеті артып, соның нәтижесінде тілдік дағдылары жетіледі. Білім алушылар адамның пікірі, көзқарасы әр түрлі екеніне көз жеткізеді, өз пікірін ортаға салуға қысылмайды, біреудің айтқанымен келіспейтін болса да, оны сыйлауды үйренеді. Бұл сәтті оқытушы тиімді пайдаланып, шәкірттерді өзгелердің пікірін сыйлап, әдептен озбауға жетелегені жөн, өйткені «Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың қас жауы» деген ғибратты сөзді ойымызға түйген жанбыз. Өзгелердің көзқарасымен санаса білетін бала болашақта кез келген ортаға бейімделе алады, қоршаған адамдармен тіл табысып, әлеуметтенеді, басқа сөзбен айтатын болсақ, бұл өмірде өз орнын тауып, «кірпіш боп қаланады». Жүзден ден аса ұлттар мен ұлыстар ғұмыр кешіп жатқан ортада бұндай толеранттылық әрбір жанға ауадай қажет.

Демек, проблемалық тапсырмалар ұжымда ынтымақтастық орнатуға тиімді әсер етеді. Сыныптағы жағымды ахуал арқасында оқушы ойын еркін білдіріп, қорықыныш сезімнен арылады. Көбінесе мұндай тапсырмалар жұппен, топпен орындалады, соның арқасында бала бір-бірімен араласып, бірігіп жұмыс жасайды, ал сыныптастарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан жан болашақта кез келген жаңа жағдайға тез төселеді.

Зерттеушілердің пікірінше, жағдаяттық тапсырма, оның табысы көп жағдайда оқытушыға байланысты. Шеберлікпен ұйымдастырылған жағдаят - мұғалім ізденісінің жемісі, нәтижесі. Тіл үйренушінің сол тіл арқылы қатынас жасауына деген ынтасы оянып, қажетті сөздерді неғұрлым көп меңгерсем, дұрыс жауап берсем деген ойды туғызады, қазақ тілі пәні бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады. Ол сөйлеу мәдениетін дамытуға да өз септігін тигізеді. «Үздік мақала атауы» әдісі арқылы білім алушы өзін блогер, қоғам қайраткері не болмаса әлеуметтік желінің қарапайым қолданушысы ретінде қазіргі таңда кең тараған әлеуметтік желілердің біріне мақала «жариялап», енегелі адамдардың өміріне қатысты өз ойын білдіруге төселеді, жазба тілін дамытады.

Проблемалық жағдаяттар оқу процесінің барлық кезеңдерінде түсіндіру, бекіту, бақылау барысында туады. Мұғалім ерекше әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып проблемалық жағдаяттарды тудырады:

- мұғалім қарама-қайшылықты тудырып, одан шығудың жолын табуды оқушылардың еншісіне қалдырады;
- практикалық іс-әрекетте қарама-қайшылық тудырады;
- бір сұраққа не мәселеге әртүрлі көзқарас білдіреді;
- оқушыларды салыстыруға, топшылауға, фактілерді сәйкестендіруге итермелейді;
- анық сұрақтар қояды (негіздеуге, айғақтауға, логикалық талқылауға);
- проблемалық теориялық және практикалық тапсырмаларды анықтайды;
- проблемалық тапсырмалар қояды (әдейі қате жіберілген, уақыты шектелген, сұрағы анық емес. [2, 16])

Оқытудың белсенді түрін ұйымдастыру мұғалімнен көп ізденісті, үлкен педагогикалық шеберлікті талап етеді. Оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуы, түсінуі және әртүрлі салада қолдана білуі өте маңызды. Білім алушы мәселені шешетін іскер рөлінде материалды терең меңгеріп, білімді өзі өндіруге үйренеді. [3, 16]

Дәл осы үрдіс кезінде оның бойында, мықты білім, дағды мен іскерлік қалыптасады. Оқушылардың өмірдің барлық салаларында табысты болуы үшін білім беру жүйесіне оқытудың заманауи әдістері енгізіліп жатыр. Құрдастарымен қарым-қатынас жасауда коммуникативті дағдылары, проблемаларды шешуде шығармашылық қабілеті мен іскерлік әрекеті дамыған тұлға қоғамға ауадай қажет. Данышпан Абайдың: «Ғылымды іздеп, білімді көздеп, екі жаққа үңілдім» деген сөзін ескеріп, әлемдік тәжірибедегі алдыңғы қатарлы идеяларды басшылыққа алсақ, сыни тұрғыдан ойлай алатын тұлғаны тәрбиелеп, қазақстандық білім мен ғылымның жаһандықбәсекеге қабілеттілігін арттыруға үлес қосарымыз анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Лернер И.Я. Проблемное обучение. – Москва: 2004. – 131 б.
2. Әбілқасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру.- Алматы: Білім, 1994.- 120 б.
3. Махмутов М.И.Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – М.: Педагогика, 1975 - 125 б.